

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(М.Ахметов, Е.Бейсенбаев)

2021 жылғы 17 ақпандағы № ДС-49

Құрметті депутаттар!

Студент жастардың тұрмыс жағдайын жақсартуға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Студент жастардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін 2022 жылдың соңына дейін жатақханаларда кемінде 75 мың жаңа орынды (2020 жылы – 20 мың орын, 2021 жылы – 25 мың орын, 2022 жылы - 30 мың орын) кезең-кезеңімен енгізу жоспарланған.

2020-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік тапсырысты орналастыруды қамтамасыз ету үшін 16,5 млрд теңге көзделген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 20102 орынға арналған 75 объектіге қатысты жұмыстар толық көлемде аяқталды, жоспар бойынша 20000 орын.

Бастаманы іске асыру жоспарлы режимде жүзеге асырылуда. 2021 жылға 25 мың орынды енгізу жоспарланған, ағымдағы жылдың екі айында 18469 орынды (немесе жылдық жоспардың 74%) пайдалауға беру жұмыстары жүргізілуде, бұл тапсырманың уақтылы және толық орындалуына сенім артуға мүмкіндік береді.

Инвесторларға ұсынылатын шарттарды қайта қарауға қатысты

Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігін жақсарту мақсатында инвесторлар үшін:

- Алматы қаласында жатақханалар салуға мемлекеттік тапсырыс нормативі 122 – ден 144 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі-АЕК) дейін ұлғайтылды;
- Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы ғимараттарды жатақхана етіп қайта жаңарту нормативін 47-ден 92 АЕК-ке дейін ұлғайту мәселесі пысықталуда;
- 500 орындық жатақхана құрылысының үлгілік жобасы әзірленіп, бекітілді.

Жатақханалар салу жөніндегі барлық мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруге және жүйелеуге қатысты

Мемлекет басшысының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Қазақстан халқына үндеуін іске асыру шеңберінде студент жастардың тұрмыс

жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарында *(Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 наурыздағы №102 бұйрығымен бекітілген)* әрбір мүдделі мемлекеттік органның жатақханалар салуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігін іске асыру жөніндегі функциялары мен міндеттері бекітілген.

Білім және ғылым министрлігі *(бұдан әрі – Министрлік)* Жобалық офис шеңберінде жатақханалар салу бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.

Студенттік жатақханалар құрылысы жобаларының сараптамасын қарау мерзімдерін қысқартуға қатысты

2015 жылы жобалар сараптамасы қағаз нұсқадан «бір терезе» қағидаты бойынша электрондық нұсқаға көшті, бұл құрылыс, экологиялық және санитарлық сараптамаларды бір ведомстводан тыс кешенді сараптамаға біріктіруге мүмкіндік берді. Осыған байланысты мерзімдер 285-тен 45 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Мерзімдерді одан әрі қысқарту сараптамалық жұмыс сапасының жалпы деңгейінің күрт төмендеуіне әкеп соғады. Бұл жобаларды іске асыру мерзімдерінің созылуына және қосымша жоспарланбаған шығыстарға әкеледі.

Шарттарға қол қою кезінде мемлекеттік органдар арасында төрешілдік рәсімдерді оңайлату жөнінде шаралар қабылдауға қатысты

Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты¹ орналастыруға шарттар жасасу рәсімі барынша жеңілдетілген.

Өнім беруші ұсынған объектінің пайдалануға берілгенін растайтын құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган Операторының оң қорытындысы болған кезде Министрлік шарттар жасасу рәсімін жүргізеді.

Бұдан басқа, жатақхананы бір тараптың енгізуі және мемлекеттік тапсырысты екінші тараптың орналастыруы жөніндегі ниеттерді айқындайтын Алдын ала шарт жасасу рәсімі бар.

Жоғары оқу орындарының студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуі бойынша лицензиялық талаптарды белгілеуге қатысты

Жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында² білім алушылардың кемінде 70%-ын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету көзделген.

Сонымен қатар, «Білім туралы» Заңның 47-бабының 9-тармағында 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап барлық білім алушыларды жатақханаларда орындармен қамтамасыз ету туралы талап белгіленген.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыруға арналған шарттарда студенттердің орын үшін ай сайынғы төлем құнын реттеуге қатысты

¹ «Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 464 бұйрығы.

² «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы.

«Білім туралы» Заңның 8-бабы 2-тармағының 2-2) тармақшасына сәйкес студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс тұру үшін ақы төлеуді көздемейді.

Бұл ретте, мемлекеттік тапсырыстың мөлшері инвестордың объектіні пайдалануға беруге жұмсаған шығыстарының толық өтелуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ жатақхананың тұрақты толықтырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Анықтама: жатақханаларда тұру құны 4 000 теңгеден 20 000 теңгеге дейін түрленеді, қалалар бойынша орташа мәні: Нұр-Сұлтан – 12 500 теңге, Алматы – 15 000 теңге, Шымкент – 7 700 теңге, Қарағанды – 10 000 теңге, Павлодар – 9 000 теңге, Ақтау – 7 000 теңге, Қызылорда – 5 000 теңге).

Сонымен қатар, студенттік тұрғын үй нарығында қалыптасып отырған бәсекелестікті және студенттерді оқыту кезеңінде мемлекеттік қолдау қажеттілігін ескере отырып, Министрлік жатақханаларда тұру құнын арттыруды реттеу мәселесін пысықтауда.

Жалпы аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин